

СИЛЛАБУС
2025-2026 оқу жылының күзгі семестрі
«Қазақ тілі. (B2-1 деңгейі)» білім беру бағдарламасы
1-курс

Пән және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ)	Кредиттер саны			Кредит түрінің жалпы саны	Оқу мерзімі (сәуір-маусым)
		Дәрістер (Д)	Практ. сабақтар (ПС)	Зерт. сабақтар (ЗС)		
83719 Қазақ тілі. (B2-1 деңгейі)	6	-	5	-	3	6
ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ						
Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Практикалық сабақтардың түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы		
Оффлайн			Білім алушылардың практикалық коммуникативтік дағдыларын дамыту, түсіндірмелі-практикалық, талдау, сұрақ-жауап алу, интерактивті әдіс, кейс-стади (нақты жағдаяттарды сараптау), цифрлық білім беру құралдарын пайдалану	Жазбаша		
Дәріскер(лер)	Төлеева Назым Әділбекқызы Филология ғылымдарының магистрі, DBI докторы, аға оқытушы					
e-mail:	toleeva.nazym@mail.ru					
Телефоны:	8 (747) 333 96 79					
ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ						

Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*	ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)
Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде маңыздылығы мен құндылығын арттыруды, болашақ маман иесінің қазақ тілін қоғамдық өмірдің әлеуметтік-мәдени, кәсіби салаларында қарым-қатынас құралы ретінде қолданып, ұлттық дүниетанымды қалыптастырушы әрі сақтаушы құндылық ретінде бағалаушы көзқарасын қалыптастыру.	1. Қарым-қатынаста кез келген тақырыпта еркін сөйлеп және сауатты жазып, ойын дәлелді айтып, талқыға түсіп, күрделі сұхбат түрлеріне, пікірталастарға қатысу, үгіт-насихат, ақпараттық сөз түрлерін, көпшілік алдында сөйлеу іскерлігін меңгерту пікірлесе білуге, түйінді ой айта білуге қабілетті болады;	1.1. Тілді меңгерудің жетік деңгейіне арналған фонетикалық, лексикалық, грамматикалық тілдік бірліктерді нақты коммуникативтік жағдаяттарда жұмсауды үйренеді; 1.2 Жетік деңгейге арналған грамматикалық формаларды, лексикалық тілдік бірліктерді стильдік ерекшеліктерді сақтай отырып, осы деңгейге сәйкес сұхбатқа қатыса алады;
	2. Тілдің, мәдениеттің, қарым-қатынас саласы ерекшеліктеріне сәйкес жеке тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жағдайларында құзыреттілік танытуға; пікірталастарда этикалық, мәдени, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауға, өз көзқарасын білдіруге, оны дәлелді түрде қорғауға, әңгімелесушілердің пікірін сыни бағалауға;	2.1 Қазақ тілінде әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауға қатыса алады; 2.2 Өзінің жеке ниеттері мен қажеттіліктерін (тұрмыстық, оқу, әлеуметтік, мәдени, кәсіби бағдарлы) жүзеге асыра алады, оларды этикалық жағынан дұрыс, мағыналы толық, лексика-грамматикалық және прагматикалық тұрғыда жеткізе алады; 2.3 Сұхбаттасушылардың іс-әрекеттеріне баға бере алады, өз көзқарасын білдіре алады, оны дәлелдей алады;
	3. Өртүрлі жанрдағы мәтін түрлерін оқып, түсініп, негізгі және көмекші ақпараттарды ажыратуға, мәтіндерді мағыналық бөліктерді талдап, саралауға, негізгі ойды тұжырымдауға, тұтас мәтіннің және оның жеке құрылымдық элементтерінің қорытынды бөлімдерін сипаттауға, өзіндік ой-қорытынды жасауға;	3.1 Өзіне қажетті ақпаратты іздеудің түрлі стратегияларын қолдана алады, сөздердің мәнін тексеру және оқығанды терең түсіну үшін қағаз және электронды тасымалдағыштардағы түрлі дереккөздерді қолдана алады; 3.2. Оқу бағдарламасы аясындағы түрлі тақырыптардағы мәтіндердің негізгі мазмұнын

		түсінеді және олардан негізгі/қосымша ақпаратты белгілей алады; 3.3 Мәтінің әрбір бөліктерін, қорытындысын сипаттап бере алады, бөліктерге бөліп тұжырымдай алады;
	4. Қазақ тілінде әртүрлі мақсаттағы хат-хабарлар жазуға, мақала, аннотация, тезис жазуға, өз қызығушылығына қарай мақала түрлерін, эссе түрлерін, ақпараттық талдау, сараптамалық мақала түрлерін жазуға;	4.1 Әр түрлі мақсаттағы іс қағаздарын сауатты толтырып, жазылым дағдысын толық жетілдіреді; 4.2. Түрлі тақырыпқа эссе жазудың құрылымын, аннотация, тезис, мақала жазуды үйренеді; 4.3 Мәтін құруда қазақ тілінің тілдік ерекшеліктерін, ережелерін, нормаларын таным-түсінігін ескере біледі;
	5. Қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрауға және хабарлауға, қатысушылардың іс-әрекеттеріне баға беруге, таным мен қарым-қатынас жағдайында әңгімелескен адамға әсер ету құралы ретінде ақпаратты пайдалануға;	5.1 Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрай және хабарлай алады; 5.2 Түрлі дереккөздерді пайдалана отырып, әңгімелескен адамды дәлелдер арқылы сендіре алады; 5.3 Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын анықтай алады және прагматикалық талдау жасай алады;
	6. Интернет-ресурстар арқылы берілген кез келген ақпараттарды, сұхбаттасушының, пікір білдірушінің сөздерін тыңдап, негізгі тақырыпты анықтауға, автордың ойын түсінуге, өз ойын еркін жеткізуге, айғақтар мен мәліметтерді ажыратуға қабілетті бола алады.	6.1 Есту, көру, тыңдау арқылы алынған ақпаратты түсінеді, түсіндіреді, толықтырады, дамытады, жеткізеді. 6.2 Автордың ойын, көзқарасын анықтайды, пікір білдіреді, бағалайды, талдайды, қорытындылайды; 6.2 Түрлі айғақтар мен дәлелдерді қажет кезде ұтымды қолдана алады, шығармашылық ізденіс туғызатын жұмыс түрлерін атқара алады.
Пререквизиттер	Қазақ тілінің В1 деңгейі	
Постреквизиттер	Қазақ тілінің В2-1 деңгейі	
Оқу ресурстары	Негізгі әдебиеттер: 1. Ш.А. Рамазанова. Қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 221 б. 2. Н.Ж. Егізбаева, Ш.А. Рамазанова. Қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 225 б. 3. Күзекова З. Қазақ тілі. Грамматикалық жаттығулар жинағы. Тілді оқытып, үйретудің базалық, ортаңғы, ортадан жоғары, жоғары деңгейіне арналған оқу құралы. (А2, В1, В2, С1) / – Астана: 2019. – 175 бет. 4. Ш.Қ. Құрманбаева, М.К. Ахметова, М.М. Мұқаметқали Қ. Қазақ тілі: Жоғары деңгейге арналған оқулық. – Астана: 2018. –357 бет. 5. Б. Қапалбеков, С. Құлманов, Г. Қалиақпарова. Грамматикалық анықтағыш. – Алматы, 2010. Қосымша әдебиеттер: 1. Салқынбай А., Егізбаева Н., Жұмағұлова А., Иманқұлова С., Рысбай Б. Қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. 2. Күзекова З., Акбұзауова Б. Қазақ тілі. Ортадан жоғары деңгей (В2.1) Оқу құралы. 2018. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, til.gov.kz., qazaqtili.el.kz, sozdk.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz, qujat.kz.	
Пәннің академиялық саясаты	Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айқындалады. Құжаттар Univet ИЖ басты бетінде қолжетімді. Академиялық адалдық. Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының	

күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.

Сабаққа қатысуы. Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.

Ескерту: Білім алушының өздік жұмысты орындау (БӨЖ), оларды тапсыру және қорғау, сонымен қатар өтілген материал бойынша қосымша ақпарат алу, оқытылып жатқан курс жөніндегі басқа да сұрақтар бойынша офис-сағаты кезеңінде оқытушыдан көмек сұрауға болады.

Ғылым мен білімнің интеграциясы. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді.

Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері. Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Өртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.

Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон/e-mail ar-aika@mail.ru немесе ZOOM-дағы бейне байланыс арқылы <https://kaznu.zoom.us/j/93656148146> кеңестік көмек ала алады.

МООС интеграциясы (massive openlline course). МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООСмодульдерініңөту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек.

Назар салыңыз! Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.

БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Оқу жетістіктерін есептеудің балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі				Бағалау әдістері	
Баға	Баллдардың сандық баламасы	%мәндегі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға	Критериялды бағалау–айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген. Формативті бағалау–күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарысөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады. Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.	
A	4,0	95-100	Өте жақсы		
A-	3,67	90-94	Жақсы		
B+	3,33	85-89			
B	3,0	80-84			
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық	Формативті бағалау	% мәндегі баллдар
C	2,0	65-69		Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	55
D	1,0	50-54		Өзіндік жұмысы	45
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз	ЖИЫНТЫҒЫ	100
F	0	0-24	Қанағаттанарлықсыз		

Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің едістері.			
Аптасы	Тақырып атауы	Сағат саны	Макс. балл
МОДУЛЬ 1			
Қатысымның әлеуметтік-тұрмыстық, кәсіби саласы			
1	ПС 1. 1. Мемлекеттік тіл – ұлт негізі 2. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде Грамматика: Қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық ерекшеліктері.	3	0
2	ПС 2. 1. Қоғам талабы – білікті маман 2. Мамандықты дұрыс таңдадыңыз ба? Грамматика: Сөздердің байланысу тәсілдері	3	0
3	ПС 3. 1. ҚазҰУ – қазақ ғылымы мен білімінің қара шаңырағы 2. Білім беру жүйесі Грамматика: Сөздердің байланысу түрлері	3	0
ОБӨЖ 1. БӨЖ 1 орындау бойынша кеңес беру			
БӨЖ 1			
	1. «Қазақ тілі: бүгінгі мен ертеңі» сұхбат құру. - жастар арасында қазақ тілінің қолданылу аясы туралы пікір білдіру; - жер бетінде тілін жоғалтқан ұлттар туралы қысқаша баяндау; - «Мемлекеттік тілдің қазіргі қолданыс аясы сіздің көңіліңізден шыға ма?» сауалнама жүргізу. 2. «Ең табысты мамандық» сызба бойынша баяндау. - мамандықты дұрыс таңдау туралы; - нарық жағдайындағы мамандық қырлары; - білім деңгейінің мамандық таңдаудағы әсерін анықтап көрсету.		0
4	ПС 4. 1. Қазақстан – тәуелсіз мемлекет 2. Кең-байтақ қазақ жері Грамматика: Субъектілік-предикаттық қатынастың берілуі	3	12
5	ПС 5. 1. Қазақстан Республикасының елордасы 2. Ұлы Жібек жолы Грамматика: Анықтауыштық қатынастың берілуі	3	12
ОБӨЖ 2. БӨЖ 2 орындау бойынша кеңес беру			
БӨЖ 2.			
	«Қазақстан қандай мемлекет?» тақырыбында эссе жазу. - тақырып бойынша ақпарат жинау; - ақпараттарға талдау жасау; - негізгі ойды анықтау, тезис құрау.		22
МОДУЛЬ 2			
Қатысымның кәсіби білім саласы			
6	ПС 6. 1. Қазақстанның сәулет өнері 2. Халқымыздың асыл мұрасы: киіз үй Грамматика: Сұрау мәнді құрылымдар.	3	12
7	ПС 7. 1. Қазақтың кино өнері 2. Театр – тірі тарих Грамматика: Меншік мәнді құрылымдар	3	12

	ОБӨЖ 3. БӨЖ 3 орындау бойынша кеңес беру		
	БӨЖ 3 1. «Киіз үйдің қандай қасиеттерін білесіз?» - зерттеу: ақпарат жинау, сұхбат, сауалнама жүргізу; - нәтиже шығару: талдау, жинақтау, қорытындылау; 2. «Қазақ киносының қазіргі келбеті», «Ақтер болу дарындылық па, әлде ақша табудың оңай жолы ма?» сұхбат құру. - қарсы аргументтер ұсыну, өз пікірін дәлелдеу, сілтеме жасау; - шаршы топ алдында сөйлеу мәдениетін сақтау.		23
8	ПС 8. 1. «Байқоңыр» ғарыш айлағы 2. Қазақтың тұңғыш ғарышкерлері Грамматика: Мекен мәнді құрылымдар	3	12
Аралық бақылау 1			100
9	ПС 9. 1. Білім кілті – кітапта 2. Кітап – адамзаттың рухани азығы Грамматика: Мезгіл ұғымдары	3	7
10	ПС 10. 1. Ғылыми кітапхана 2. Өл-Фараби кітапханасы Грамматика: Мезгіл мәнді құрылымдар	3	7
	ОБӨЖ 4. БӨЖ 4 орындау бойынша кеңес беру		
	БӨЖ 4 1. «Менің сүйікті жазушым» пікір алмасу. - пікір алмасу сұрақтарын әзірлеу; - ой-пікірлерді тұжырымдау, ең үздік шығарманы саралау;		15
	МОДУЛЬ 3 Қарым-қатынастың әлеуметтік-мәдени саласы		
11	ПС 11. 1. Қазақстандағы туризм 2. Еліміздегі туризм дамуының қазіргі жағдайы Грамматика: Қалау мәнді құрылымдар	3	7
12	ПС 12. 1. Қазақстанның табиғаты 2. Табиғаты ғажап туған өлкем Грамматика: Болжам мәнді құрылымдар	3	7
	ОБӨЖ 5. БӨЖ 5 орындау бойынша кеңес беру		
	БӨЖ 5 1. Эссе жазу: «Менің ең қызықты саяхатым» - ақпараттарды жинақтау; - ақпараттарға талдау жасау, салыстыру;		15
13	ПС 13. 1. Қазақ елінің тарихи орындары 2. Тарихы терең – Түркістан Грамматика: Өтініш, тілек мәнді құрылымдар	3	7
14	ПС 14. 1. Қазақ жеріндегі тарихи ескерткіштер 2. Көне қалалар сыры Грамматика: Міндеттілік, тиістілікті білдіретін құрылымдар	3	7
15	ПС 15 1. Өнегелі ғұмыр: тарихи тұлғалар 2. Елдік туын көтерген ерлер Грамматика: Мүмкінділік модальдылығы	3	7

ОБӨЖ 6. БӨЖ 6 орындау бойынша кеңес беру		
БӨЖ 6		
1. «Қазақ тарихындағы тарихи тұлғалар» сұхбат құру. - зерттеу: ақпарат жинау, сұхбат, сауалнама жүргізу; - нәтиже шығару: талдау, жинақтау, қорытындылау;		15
Аралық бақылау2		100
Қорытынды бақылау (емтихан)		100
Пән үшін жиынтығы		100

Филология факультетінің
деканы, ф.ғ.к., профессор

Оқыту және білім беру сапасы бойынша
академиялық комитет төрайымы

А.Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі
кафедрасының меңгерушісі

Аға оқытушы



Б.У.Джолдасбекова

Ж.А. Сәрсенбай

А.Ж. Амиров

Н.Ә. Төлесова

**ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ
ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

Менің кәсіби тарихым» жазбаша тапсырмасы (АБ100%-ның 25%)

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
Кәсіби сәйкестілік және мұғалімнің кәсібилігі туралы теорияларды, тұжырымдамаларын түсінуі	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі мен кәсібилігі туралы теорияларды, тұжырымдамаларды терең түсіну. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі.	Кәсіби сәйкестілік және мұғалімнің кәсібилігі теориялары мен тұжырымдамаларын түсінуі. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі.	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі мен кәсібилігі туралы теориялар мен тұжырымдамаларды шектеулі түсіну. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі.	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі мен кәсібилігі туралы теорияларды, тұжырымдамаларды үстірт түсіну/түсінбеушілік. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) берілмейді.
Кәсіби сәйкестілік және Қазақстан мұғалімдерінің кәсібилігі негізгі мәселелерін ұғынуы	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі мен кәсібилігінің негізгі ұғымдарын Қазақстан мәнмәтімен жақсы байланыстырады. Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен тамаша негіздеу (мысалы, сұхбат немесе статистикалық талдау негізінде).	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі мен кәсібилігінің негізгі ұғымдарын Қазақстан мәнмәтімен байланыстырады. Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен күшейтеді.	Мұғалімдердің кәсіби сәйкестілігі мен кәсібилігі тұжырымдамаларының Қазақстан мәнмәтімен шектеулі байланысы. Эмпирикалық зерттеулердің дәлелдерін шектеулі қолдану.	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі тұжырымдамаларының Қазақстан мәнмәтімен байланысы шамалы немесе жоқ. Эмпирикалық зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбайды.
Саясат ұсынысы немесе практикалық ұсынымдар / ұсыныстар	Қазақстанда мұғалімдердің кәсіби сәйкестілігі мен кәсібилігін арттыру бойынша сауатты саяси және/немесе практикалық ұсынымдар мен ұсыныстар ұсынады.	Қазақстанда мұғалімдердің кәсіби сәйкестілігі мен кәсібилігін арттыру бойынша кейбір саяси және/немесе практикалық ұсынымдарды және ұсыныстарды ұсынады.	Шектеулі саясат және практикалық ұсынымдар. Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және талз.	Саясат пен практикалық ұсынымдар немесе мүлдем жоқ немесе өте төмен сападағы ұсынымдар.
Жазу, APA style	Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. APA style-ды қатаң ұстанады.	Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. Негізінен APA style-ды ұстанады.	Жазуда кейбір негізгі қателер бар және анықтықты жақсарту қажет. APA style-ды ұстануда қателіктер бар.	Жазғаны түсініксіз, мазмұнына ілесу қиын. APA style-ды ұстануда көптеген қателіктер бар.

«Қазақстандағы мұғалім кәсібі» топтық тұсаукесері (АБ 100%-ның 30%)

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі мен кәсібилігі туралы теорияларды, тұжырымдамаларын түсінуі	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі мен кәсібилігі туралы теорияларды, тұжырымдамаларды терең түсіну.	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі мен кәсібилігі теориялары мен тұжырымдамаларын түсінуі.	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі мен кәсібилігі теорияларын мен тұжырымдамаларын шектеулі түсінуі.	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі мен кәсібилігі туралы теорияларды, тұжырымдамаларды ү түсіну/түсінбеушіліктің жоқтығы.
Қазақстандағы мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі мен кәсібилігі туралы мәселелері туралы хабарлар болу	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі мен кәсібилігінің негізгі ұғымдарының Қазақстан мәнмәтінмен сауатты арақатынасы. Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен өте жақсы негіздеу (мысалы, сұхбат немесе статистикалық талдау негізінде).	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі мен кәсібилігінің Қазақстан мәнмәтінмен байланысы бар. Аргументтер эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен расталады.	Мұғалімдердің кәсіби сәйкестілігі мен кәсібилігі тұжырымдамаларының Қазақстан мәнмәтінмен байланысы. Эмпирикалық зерттеулердің дәлелдерін шектеулі қолдану.	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі тұжырымдамаларының Қазақстан мәнмәтінмен байланысы шамалы немесе жоқ. Эмпирикалық зерттеу аз немесе мүлдем қолданбайды.
Сынамалы зерттеулер	Тұсаукесердесынамалы зерттеу нәтижелерін (сұхбат немесе сауалнама) өте жақсы пайдалану.	Тұсаукесердесынамалы зерттеу нәтижелерін (сұхбат немесе сауалнама) жақсы пайдалану.	Тұсаукесердесынамалы зерттеу нәтижелерін (сұхбат немесе сауалнама) қанағаттанарлықтай пайдалану.	Тұсаукесердесынамалы зерттеу нәтижелерін (сұхбат немесе сауалнама) нашар пайдалану.
Саясат ұсынысы немесе практикалық ұсынымдар / ұсынымдар	Қазақстанда мұғалімдердің кәсіби сәйкестілігі мен кәсібилігін арттыру бойынша сауатты саяси және/немесе практикалық ұсынымдар мен ұсыныстар ұсынады.	Қазақстанда мұғалімдердің кәсіби сәйкестілігі мен кәсібилігін жақсарту бойынша кейбір саяси және/немесе практикалық ұсынымдар және ұсыныстарды ұсынады.	Шектеулі саясат және практикалық ұсынымдар. Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз.	Саясат пен практикалық ұсынымдар немесе мүлдем жоқ немесе өте төмен сападағы ұсыным
Тұсаукесер, Топтық жұмыс	Өте жақсы, тартымды тұсаукесер, визуалды эффектілердің, слайдтардың, материалдардың тамаша сапасы, керемет топтық жұмыс.	Жақсы тартымдылық, визуалды эффектілердің, слайдтардың немесе басқа материалдардың жақсы сапасы, командалық жұмыстың жақсы деңгейі.	Тартымдылық деңгейінің қанағаттанарлық, визуалды эффектілердің, слайдтардың немесе басқа материалдардың қанағаттанарлық сапасы, командалық жұмыстың қанағаттанарлық деңгейі.	Тартымдылық деңгейінің төмендігі, визуалды эффектілердің, слайдтардың немесе басқа материалдардың төмен сапасы, командалық жұмыстың төмен деңгейі.